

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының инженер-педагогтарына арналған «Заманауи сабақ – педагогтың кәсіби өсуінің көрсеткіші» тақырыбындағы облыстық үздік сабақтар фестивалін ұйымдастыру және өткізу ережесі

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже «Заманауи сабақ – педагогтың кәсіби өсуінің көрсеткіші» тақырыбындағы облыстық үздік бейне-сабақтар фестивалін ұйымдастыру және өткізу тәртібі мен шарттарын реттейді (әрі қарай - фестиваль).

2. Фестивальдің мақсаты:

2.1. Қашықтықтан оқыту мүмкіндігін кеңейту үшін заманауи білім технологияларын пайдалана отырып, пәндер бойынша үздік бейне-сабақтарды іріктеу.

3. Фестиваль міндеттері:

3.1. Қашықтықтан оқыту жағдайында оқу үрдісін ұйымдастыруда әдістемелік сүйемелдеу;

3.2. Виртуалды білім беру кеңістігінде үздік бейне-сабақтар қорын жинақтау;

3.3. Педагогтердің тәжірибе алмасуына ықпал ету;

3.4. Педагогтердің мәртебесін көтеру.

4. Фестивальға қатысушылар

4.1. Фестивальға техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының оқытушылары қатыса алады.

4.2. Жұмыс бағыттары:

- *Техникалық және кәсіптік білім беру мекемелері:*

- жалпы білім беретін пән оқытушылары;
- арнайы пән оқытушылары;
- өндірістік оқыту шеберлері.

5. Фестиваль өткізу уақыты:

2021 жылдың 26-30 сәуір аралығы.

6. Фестиваль жұмысына қойылатын талаптар:

Мазмұны:

- сабақтардың фестиваль бағыттарына сәйкестігі;
- арнайы терминология мен белгілерді пайдаланылуы.

Бейнематериалдардың техникалық сипаттамасы:

- тараптар арақатынасының (16:9) ең төменгі көлемі (720:9);
- формат mp4.
- Бейнематериалдың хронометражы 10 минутқа дейін

БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ:

- тақырыптың оқу жоспарымен сәйкестігі;
- сабақ тақырыбын ашу толықтығы;
- сабақты өткізу сапасы;
- оқытушының оқыту үрдісінде кері байланыс беруі;
- оқытушының бағалау іс - әрекеті;
- оқытушы қолданған ресурстардың тиімділігі;
- безендіру мен түсірілімдер сапасы.

7. Фестивальді ұйымдастыру:

7.1. Фестивальді облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығы ұйымдастырып, өткізеді.

7.2. Фестивальға ұсынылған жұмыстарды сараптап, бағалау мақсатында ЖОО, кәсіподақ ұйымы, НЗМ ДББҰ ПШО мамандары, облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығының әдіскерлерінен эксперттік топ құрылады.

7.3. Ұйымдастыру комитеті облыстық кезен жеңімпаздарын Алматы облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығының You Tube каналына және «Talar» коммерциялық емес акционерлік қоғамының сайтына орналастырады.

8. Бейнесабақтарды ұсыну тәртібі:

Облыстық фестивальге қатысу үшін бейнесабақтар электронды нұсқада (электронды почта tal.metodipo@mail.ru) оқыту тіліне сәйкес 2021 жылдың 26 сәуірге дейін қабылданады. Көрсетілген мерзімнен кеш қалған жұмыстар қабылданбайды.

9. Фестивальді қорытындылау

9.1. Жеңімпаздар облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығының I, II, III дәрежелі дипломдарымен және қатысушы сертификаттарымен марапатталады.

I – қосымша

«Замануи сабақ – педагогтың кәсіби өсуінің көрсеткіші» тақырыбындағы облыстық үздік сабақтар фестиваліне сұраныс

Қатысушының аты- жөні	
Оқу орны	
Лауазымы	
Бағыты	
Мамандығы, курсы	
Пәні	
Оқыту тілі	
Сабақтың тақырыбы	
Е-mail поштасы, байланыс телефоны	